



2013 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облыстық әкімдігінің 2013 жылғы 13 ақпандағы N 16 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 26 наурызда N 4426 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облыстық әкімдігінің 2013 жылғы 19 шілдедегі N 196 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облыстық әкімдігінің 19.07.2013 N 196 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабының 2-тармағының 5-1) тармақшасына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бекітілсін:

- 1) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес 2013 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы;
- 2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес 2013 жылға жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері;
- 3) осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес 2013 жылға ата-ананың ақы төлеу мөлшері.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасарының міндетін атқарушы Р. Нұртаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

Қ. Көшербаев

Қызылорда облысы әкімдігінің
2013 жылғы "13" ақпандағы

N 16 қаулысына 1-қосымша

2013 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы

N	Аудандар, қала атауы	Мемлекеттік білім беру тапсырысы есебінен мектепке дейінгі ұйымдарға орналастырылатын балалар саны

1	Арал ауданы	925
2	Қазалы ауданы	703
3	Қармақшы ауданы	332
4	Жалағаш ауданы	620
5	Сырдария ауданы	360
6	Шиелі ауданы	1190
7	Жаңақорған ауданы	1095
8	Қызылорда қаласы	4912
	Барлығы	10137

Қызылорда облысы әкімдігінің
2013 жылғы "13" ақпандағы

№ 16 қаулысына 2-қосымша

2013 жылға жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері

N	Аудандар, қала атауы	Бір тәрбиеленушіге айына жұмсалатын шығын (теңге)
		Мектепке дейінгі ұйымдар үшін
1	Арал ауданы	20295
2	Қазалы ауданы	20295
3	Қармақшы ауданы	20295
4	Жалағаш ауданы	20295
5	Сырдария ауданы	20295
6	Шиелі ауданы	20295
7	Жаңақорған ауданы	20295
8	Қызылорда қаласы	20295
	Барлығы	20295

Қызылорда облысы әкімдігінің
2013 жылғы "13" ақпандағы

№ 16 қаулысына 3-қосымша

2013 жылға ата-ананың ақы төлеу мөлшері

N	Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдардағы ата-ана төлем ақысының ай сайынғы мөлшері	Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша қызмет алатын жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдардағы ата-ана төлем ақысының ай сайынғы мөлшері
1	Алты еселенген айлық есептік көрсеткіштен артық емес	Он еселенген айлық есептік көрсеткіштен артық емес

